

**Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 3-276 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Қарасай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 19 сәуірде N 2-11-119 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 маусымдағы № 6-1387 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің  
25.06.2014 № 6-1387 қаулысымен.  
Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 8)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 27-бабының 3-тармағына, 28-бабының 1-тармағына, 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" N 274 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы N 274 Жарлығын іске асыру туралы" N 326 Қаулысына сәйкес Қарасай ауданының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қалалық, ауылдық округ әкімдеріне Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Абылай хан көшесі, N 151 "а" үй мекен-жайында орналасқан "Қарасай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ, он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ

оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Қалалық, ауылдық округ әкімдері 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскер қатарына шақырылғандарды, олардың шақыру учаскесіне шақырылғандығы туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін ұйымдастырсын.

5. "Қарасай аудандық ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы Дамир Камбарович Казербаяевқа (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және жеткізуді өз құзыреті шегінде ұйымдастырып, шақырылушыларды жөнелту кезінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Еділ Әбуұлы Қалиевке жүктелсін.

7. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Дәуренбаев

КЕЛІСІЛДІ:

"Қарасай аудандық поликлиникасы"

мемлекеттік қазыналық

кәсіпорынның директоры

Байдувалиев Асхан Мархабаевич

26 наурыз 2012 жыл

"Қарасай ауданының қорғаныс

істері жөніндегі бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Желеуов Мұратбек Абенұлы

26 наурыз 2012 жыл

"Қарасай аудандық ішкі

істер басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Казербаяев Данияр Камалбекович

26 наурыз 2012 жыл

Қарасай

ауданы

әкімдігінің

2012

жылғы

26

наурыздағы

"Қазақстан

Республикасының

а з а м а т т а р ы н 2 0 1 2 ж ы л д ы ң  
с ә у і р - м а у с ы м ы н д а ж ә н е  
қ а з а н - ж е л т о қ с а н ы н д а к е з е к т і  
м е р з і м д і ә с к е р и қ ы з м е т к е  
ш а қ ы р у т у р а л ы " N 3 - 2 7 6 қ а у л ы с ы н а  
1-қосымша

### Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2012.10.04 N 10-1263 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Комиссия төрағасы:

Ұлтай Амангелдіқызы Бархинова - Қарасай ауданы әкімінің орынбасары (келісім бойынша);

Комиссия төрағасының орынбасары:

Нұрғазы Аманұлы Түсіпбеков - "Қарасай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша);

Комиссия мүшелері:

Сырғабаев Мырзабек Тұрарұлы - "Қарасай аудандық ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары;

Сатыбалдинова Зарық Болатқызы - "Қарасай аудандық поликлиникасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының орынбасары, медициналық комиссия төрағасы;

Комиссия хатшысы:

Вахрамеева Людмила Ивановна - "Қарасай аудандық поликлиникасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның медбикесі.

Қ а р а с а й а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 6 н а у р ы з д а ғы  
" Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
а з а м а т т а р ы н 2 0 1 2 ж ы л д ы ң  
с ә у і р - м а у с ы м ы н д а ж ә н е  
қ а з а н - ж е л т о қ с а н ы н д а к е з е к т і  
м е р з і м д і ә с к е р и қ ы з м е т к е  
ш а қ ы р у т у р а л ы " N 3 - 2 7 6 қ а у л ы с ы н а  
2-қосымша

### Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

--	--	--	--	--	--	--	--	--

№ р /с	Ауылдық (қалалық) округтердің атауы	Сәуір	Мамыр	Маусым	Қазан	Қараша	Желтоқсан
1	Қаскелең	125	100	75	125	100	75
2	Елтай	100	75	25	100	75	25
3	Іргелі	100	75	50	100	75	50
4	Үлкен-Алматы	90	70	50	90	70	50
5	Таусамалы	120	95	70	120	95	70
6	Ақсай	85	75	50	85	75	50
7	Үшқоңыр	95	75	55	95	75	55
8	Жаңа-Шамалған	120	90	70	120	90	70
9	Ұмтыл	95	75	55	95	75	55
10	Райымбек	110	85	60	110	85	60
11	Қарағайлы	75	55	40	75	55	40
12	Бірінші Май	60	50	25	60	50	25
13	Жандосов	65	50	35	65	50	35

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК